

Қазақстан Республикасына цемент әкелуге шектеулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 484 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы
N 171 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171
Қаулысымен.*

Отандық цемент өндірушілерді қорғау мақсатында және Қазақстан Республикасының аумағына цемент әкелуді шектейтін шараларды қолдану үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағына Қырғыз Республикасынан әкелінетін цементтің импортына, арнайы маркалы цементті қоспағанда 1999 жылдың екінші және үшінші тоқсандарына 30 мың тонна мөлшерінде квота белгіленсін. < * >

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.07. N 1111
қаулысымен. P 9 9 1 1 1 1 _*

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялаудың тәртібі туралы ережеге сәйкес импорттаушылардың өтініштерінің негізінде цементтің импортына квота бөлуді және лицензия беруді жүзеге асырсын.

2-1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің бірлескен бұйрығымен айқындалатын, арнайы маркалы цемент ретінде, Қырғыз Республикасынан портландцементті, глиноземді, шлакты, суперсульфатты және соған ұқсас гидравликалық боялған немесе боялмаған, даяр немесе клинкерлер нысанындағы цементті (ТМД СЭҚ ТН коды 2523) импорттау сандық шектеулерсіз 1999 жылғы III тоқсанның аяғына дейін жүзеге асырылады деп белгіленсін. < * >

2-2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен 2-1-тармақта көрсетілген цементті импорттауға тиісті лицензиялар беруді қамтамасыз етсін және берілген лицензиялардың тізілімін он күн сайын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне ұсынып отырсын. < * >

*ЕСКЕРТУ. Жаңа 2-1, 2-2-тармақтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің
1999.08.07. N 1111 қаулысымен. P991111_*

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті жүктік кеден декларацияларының негізінде Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасына әкелінген цементтің мөлшері туралы Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне ай сайын ақпарат ұсынатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының 1-тармағында көрсетілген уақытша шектеулердің енгізілгені туралы белгіленген тәртіппен Қырғыз Республикасының Үкіметіне хабарласын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі